

Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама обьектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама үйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 209 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу № 2778. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 58 Бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.02.2013 № 58 Бүйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" Заңын және "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы үйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 1385 қаулысын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама обьектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама үйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

2. Ғылым департаменті (В.В.Могильный) осы бүйрықты белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынысын .

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 18 ақпандағы № 141 "Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама обьектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама үйымдастыру және жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" бүйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 наурыздағы № 1098 тіркелген) күші жойылды д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Н.С.Бектұрғановқа жүктелсін .

5. Осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Міндетті мемлекеттік
ғылыми-техникалық сараптама
объектілеріне мемлекеттік

ғылыми-техникалық сараптама
ұйымдастыру және жүргізу
жөніндегі нұсқаулығын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2004 жылғы 16 наурыздады
N 209 бұйрығымен
бекітілген

**Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама
объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық
сараптама ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі
Нұсқаулығы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" Заңын және "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысын (бұдан әрі - Ереже) іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Нұсқаулық ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында орталық атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілдепті мемлекеттік орган) ұйымдастыратын мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама (бұдан әрі - MFTC) ұйымдастыру және өткізу үткізу үткізу нақтылады.

3. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тапсырыс беруші - сараптама объектісі бойынша шешім қабылдайтын және MFTC жүргізуге тапсырыс беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, басқа да заңды және жеке тұлғалар;

2) ұйымдастырушы - MFTC жүргізуге тапсырысты іске асыруды ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді орындаушы белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын уәкілдепті мемлекеттік орган;

3) орындаушылар - MFTC үшін жіберілген объектісін талдайтын және сараптама қорытындысын беретін тиісті мамандандырудың тәуелсіз сарапшылары, сараптама топтары, комиссиялары, кеңестері, ұйымдары.

2. MFTC ұйымдастыру және өткізу

4. MFTC өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін тапсырыс беруші Ереженің 8-тармағы алтыншы абзацының талаптарына сәйкес ұйымдастырушымен MFTC жүргізу туралы келісім-шарт жасайды.

Елдің ғылыми-техникалық саласындағы ұлттық ақпарат ресурстарын қалыптастыратын ғылыми ұйыммен (бұдан әрі - ғылыми ұйым) MFTC-ты ақпараттық, материалдық-техникалық және қаржылық алып жүргүре келісім-шарт жасасады.

5. Тапсырыс беруші келісім-шарт жасасқаннан кейін 5 күн ішінде ұйымдастырушыға MFTC жүргізуге өтінімді және мынадай материалдарды жібереді :

сараптама объектілері бойынша ақпараты бар жолдамалы хат;

MFTC-қа берілген іріктеу шарттары, материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және ұйымдастырушымен келісілген оларды бағалау өлшемдері;

материалдарды сараптамаға жіберу туралы конкурсның комиссияның хаттамасы (ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру кезінде); сараптама жүргізу үшін жіберілген объектілердің тізбесі (әр объект бойынша ақпарат көлемі көрсетілген), сондай-ақ материалдарың өзі (бағдарламаны қалыптастыру кезінде - конкурсның жобалар, ғылыми зерттеулерді орындау және аяқтау кезеңінде - ғылыми есептер) 2-данада.

6. "Қазақстан Республикасында бағдарламаларды ресімдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 789 қаулысына сәйкес ресімделген бюджеттік өтінім бойынша мынадай материалдарды жібереді :

бағдарламалар тізбесі (кіші бағдарламалар) және оларды қаржыландыру көлемі ;

әрбір бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба;

бюджеттік өтінімге енгізілген әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспорт жобасы;

бюджеттік өтінімге енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есебі.

7. Ұйымдастыруши MFTC-қа берілген іріктеу шарттары мен материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді.

MFTC жүргізуге берілген материалдардың 5 және 6-тармақтарда айқындалған шарттарға сәйкес болған жағдайда ұйымдастыруши MFTC ұйымдастыру және жүргізу үшін барлық қажетті ақпаратты алғаннан кейін 10 күннен аспайтын мерзімде :

MFTC жүргізу бойынша орындаушылар белгілейді;

ғылыми ұйымға MFTC жүргізуге Ереженің алтыншы тармағында белгіленген талаптарды міндетті түрде сақтап отырып, MFTC-ты ақпараттық,

материалдық-техникалық және қаржылық алып жүруді тапсырады; келіп түскен материалдарға алдын ала талдау жүргізеді; тапсырма талаптарына сараптама жүргізу мерзіміне сәйкес MFTC жүргізу жөнінде орындаушылармен жеке және ұжымдық сарапшылар жұмыстарының нәтижелерін ұсыну тәртібі туралы келісім жасасады; белгіленген тәртіппен орындаушыдан келіп түскен сараптама қорытындысына талдау жасайды, олардың негізінде уәкілетті орган басшысының орынбасарымен бекітілетін MFTC қорытындысын дайындайды және тапсырыс берушіге жібереді.

8. Ұсынылған материалдар іріктелген материалдар талаптарынан нақты ауытқыған жағдайда ұйымдастыруши алдын ала талдау нәтижелерін тапсырыс берушіге және материалдарды MFTC берілген іріктеу шарттарына, материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарына сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар жібереді.

9. MFTC жүргізу бойынша орындаушы MFTC жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік актілердің талаптарына сәйкес оған ұсынылған объектілерді зерделейді және бағалайды.

MFTC орындаушыға қажетті материалдар берген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аз емес мерзімде жүргізілуі керек. Қажет болған жағдайда сараптама жүргізу мерзімі ұйымдастырушымен уағдаласу бойынша белгіленуі мүмкін.

Орындаушы сараптама қорытындысын дайындайды және оны орындаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырады.

3. Қорытынды ережелер

10. MFTC жүргізу нәтижесі MFTC қорытындысы болып табылады, ол оның тапсырыс берушісіне қарауға алынатын және шешімдер тұжырымдау кезінде ескерілетін міндетті құжат болып саналады, оларды негіздеу үшін осы сараптама жүргізілген.

11. MFTC қорытындысында нақты өлшемдер бойынша сараптық бағалаудан басқа тәмендегі мазмұнда қорытындылар болуы керек:

объект орындалуға (қаржыландыруға) жатады;

объект орындалуға (қаржыландыруға) жатпайды;

объект келтірілген ескертулер мен ұсыныстарды ескеріп қайта дайындауға ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК